

Машина жасау факультетінің сапасын қамтамасыз ету комитеті туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже Машина жасау факультетінің (МФ СҚК) сапасын қамтамасыз ету Комитетінің мәртебесі мен өкілеттігін айқындайды, ҚР БҒМ 27.07.2015 ж. № 488 «Әдістемелік кеңес қызметінің үлгілік қағидаларын және оны сайлау тәртібін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес әзірленді;

1.2. Ереже тау-кен факультетінде оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыруға және жетілдіруге арналған тұрақты жұмыс істейтін кеңесші орган болып табылатын МФ СҚФ мүшелерін сайлау тәртібін қоса алғанда, қызметті ұйымдастыру тәртібін айқындайды;

1.3. МФ СҚК өз қызметінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын (ҚР БҒМ 30.10.2018 ж. № 595 бұйрығы)», «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын» «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім беру (ҚР БҒМ 20.04.2011 ж. № 152 бұйрығы), нормативтік құжаттарын, Университет Жарғысы, Университеттің Ғылыми кеңесі туралы Ережені және осы Ережені басшылыққа алады.

2. Машина жасау факультетінің сапасын қамтамасыз ету комитеті қызметінің негізгі бағыттары

2.1. МФ СҚК қызметінің негізгі бағыттары:

1) Машина жасау факультетінің озық педагогикалық тәжірибесін зерделеу, енгізу және тарату және білім беруді ақпараттандыру жөніндегі іс-шараларды жүргізу;

2) оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастырудың Машина жасау факультеті білім алушыларының ағымдағы үлгеріміне әсерін талдау;

3) Машина жасау факультеті білім алушыларының өзіндік жұмысын әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеу;

4) бейінін, дайындық деңгейі мен мүмкіндіктерін ескере отырып, білім алушылар контингентін жыл сайын қалыптастыру жөніндегі жұмысты әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеу;

5) Білім беру процесінің оқу әдебиеттерімен және Машина жасау факультетінің ғылыми-әдістемелік әзірлемелерімен қамтамасыз етілуіне мониторингті жүзеге асыру;

6) демографиялық, экономикалық, салалық жағдайды, сондай-ақ өңірлер бойынша және тұтастай алғанда, ел бойынша төтенше жағдайларды ескере отырып, Машина жасау факультетінің білім беру процесін перспективалық жоспарлауды ұйымдастыру;

7) оқытудың жаңа технологиялары бойынша, оның ішінде кредиттік және қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік құжаттаманы әзірлеу және енгізу;

8) ғылыми жобаларды, ғылыми-әдістемелік әзірлемелерді әзірлеу және конкурстарға қатысу және олардың нәтижелерін өндіріске, Машина жасау факультетінің оқу процесіне енгізу;

9) даярлаудың қазіргі және перспективалық бағыттары бойынша мамандарға қажеттілікті болжау үшін деректер базасын құру мақсатында әртүрлі зерттеу түрлерін ұйымдастыру;

10) оқытудың дидактикалық-әдістемелік, оқу-материалдық құралдарын әзірлеу, енгізу және тарату;

11) білім беру процесінің оқу әдебиеттерімен және ғылыми-әдістемелік әзірлемелермен қамтамасыз етілуіне мониторингті жүзеге асыру;

12) машина жасау факультетінің ұқсас мамандықтары бойынша оқу бағдарламаларын біріздендіру бойынша ұсыныстар енгізу;

13) нормативтік құқықтық құжаттарды, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мамандықтарының сыныптауышын, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу;

14) машина жасау факультетінің оқу процесіне заманауи оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік, дидактикалық материалдар мен бағдарламалық қамтамасыз етуді автоматтандырылған оқыту жүйелерін, ақпараттық қамтамасыз ету жүйелерін, ақпараттық-кітапханалық жүйелерді енгізу;

15) оқу жұмыс бағдарламаларын әзірлеу, үлгілік оқу бағдарламаларының жобаларын дайындауға қатысу;

16) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарын ескере отырып, оқу жұмыс жоспарлары мен оқу жұмыс бағдарламаларының сараптамасы;

17) оқулықтарды, оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік кешендерді, оқу-әдістемелік құралдарды, оның ішінде электрондық жеткізгіштерде және дидактикалық материалдарды әзірлеу;

18) Машина жасау факультетін оқытудың жаңа технологиялары бойынша оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік құжаттаманы әзірлеу, енгізу және тарату;

19) машина жасау факультеті білім алушыларының оқыту сапасын, оқу жетістіктерінің деңгейін талдау;

- 20) оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты жетілдіру бойынша тақырыптық ғылыми, ғылыми-әдістемелік семинарлар, конференциялар, вебинарлар, кеңестер ұйымдастыру және өткізу;
- 21) Машина жасау факультеті студенттерінің, магистранттарының, докторанттарының ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік жұмысының мазмұны мен нысанын ұйымдастыру, үйлестіру, талдау;
- 22) машина жасау факультетінің оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысын жетілдіру бойынша тақырыптық ғылыми, ғылыми-әдістемелік семинарлар, конференциялар, вебинарлар, кеңестер ұйымдастыру және өткізу;
- 23) ғылыми жобаларды, ғылыми-әдістемелік әзірлемелерді әзірлеу және конкурстарға қатысу және олардың нәтижелерін өндіріске, Машина жасау факультетінің оқу процесіне енгізу;
- 24) мамандықтар бойынша магистранттарды, философия докторларын даярлауды ұйымдастыру және жүзеге асыру.

3. Машина жасау факультетінің сапасын қамтамасыз ету Комитетінің негізгі міндеттері

Машина жасау факультетінің сапасын қамтамасыз ету Комитетінің негізгі міндеттері:

- 3.1. Оқу процесін әдістемелік қамтамасыз ету сапасының алдын ала және пост-мониторингін ұйымдастыру;
- 3.2. Университетте шығарылатын оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді, құралдар мен басқа да материалдарды жоспарлау, сараптаманы ұйымдастыру және басып шығаруға ұсыныс;
- 3.3. Университетте оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жетілдіру бойынша озық тәжірибені зерделеу, енгізу және тарату;
- 3.4. Оқу процесіне әдістемелік әзірлемелердің нәтижелерін енгізу бойынша талдау мен ұсынымдар дайындау;
- 3.5. Машина жасау факультетінің оқу-әдістемелік жұмысын үйлестіру және бақылау;
- 3.6. Тау-кен факультетінде жаңа технологияларды, әдістерді, оқыту құралдарын енгізу және қолданыстағы технологияларды жетілдіру бойынша жұмысты ұйымдастыруды бақылау;
- 3.7. Машина жасау факультетінің педагогикалық ұжымының ғылыми-әдістемелік әлеуетін жетілдіру бойынша жұмысты үйлестіру және бақылау;
- 3.8. Білім беруді дамыту және оны іске асыруда басым бағыттарды қалыптастыру мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- 3.9. Университет қызметкерлерін аттестаттауға қатысу.

4. Комитетті сайлау және оның жұмысы тәртібі

4.1. МФ СҚК құрамына 13 мүше кіреді: Машина жасау факультетінің деканы, Машина жасау факультетінің сапасын қамтамасыз ету Комитетінің төрағасы, Машина жасау факультетінің сапасын қамтамасыз ету Комитетінің хатшысы, кафедралардың оқу-әдістемелік жұмысына жауапты, Машина жасау

факультетінің кафедра басшылары, машина жасау факультеті деканының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, машина жасау факультеті деканының ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары, Машина жасау факультеті деканының оқу ісі жөніндегі факультет. МФ СҚК құрамын жыл сайын машина жасау факультетінің деканы бекітеді;

4.2. Комитеттің қызметіне басшылықты Машина жасау факультетінің деканы жүзеге асырады;

4.3. СҚК төрағасы жылына бір рет МФ СҚК қызметінің нәтижелері туралы университеттің академиялық кеңесі алдында есеп береді;

4.4. МФ СҚК мүшелерінің ішінен ашық дауыс беру арқылы хатшы сайланады;

4.5. МФ СҚК жұмысы МФ СҚК отырысында қабылданған және машина жасау факультетінің деканы бекіткен тиісті кезеңге арналған күнтізбелік жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады;

4.6. МФ СҚК отырысы айына бір рет өткізіледі. Кезектен тыс отырыстарға Машина жасау факультетінің деканы талап бойынша бастамашылық жасай алады;

4.7. МФ СҚК отырысында қаралған мәселелердің нәтижелері бойынша қатысып отырған мүшелердің көпшілік даусымен (50% - дан астам) комитеттің ұсынымдары қабылданады және хаттамамен ресімделеді. Мәжілістің хаттамалары мен МФ СҚК шешімдеріне комитеттің төрағасы мен хатшысы қол қояды.

4.8. МФ СҚК, егер оған мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысса, заңды болып саналады;

5. Сапаны қамтамасыз ету комитеті мүшелерінің құқықтары мен міндеттері

5.1 МФ СҚК мүшелерінің құқықтары:

5.1.1 МФ СҚК жұмысына мүшелердің қатысуы ерікті;

5.1.2 МФ СҚК мүшелерінің дауыс беру құқығы бар («қолдағандар», «қарсы болғандар», «қалыс қалғандар»);

5.1.3 МФ СҚК мүшелерінің қандай да бір мәселе бойынша өз пікірін еркін білдіруге құқығы бар.

5.2 МФ СҚК мүшелерінің міндеттері:

5.2.1 МФ СҚК әрбір мүшесі Кеңестің барлық отырыстарына қатысуы, оның жұмысына белсенді қатысуы, өзіне жүктелген тапсырмаларды, функциялар мен міндеттерді уақтылы және дәл орындауы тиіс;

5.2.3 дәлелді себеппен МФ СҚК отырысына қатысу мүмкіндігі болмаған кезде Кеңес мүшесі отырыс басталғанға дейін кемінде 3 күн бұрын МФ СҚК хатшысы мен төрағасын ауыстыру туралы хабардар ете отырып, өзінің онына адам ұсынуы тиіс;

5.2.4 МФ СҚК мүшелері осы Ереженің сақталуына және оны орындау жөнінде шаралар қабылдауға жауапты болады;

5.2.5 МФ СҚК мүшелері МФ СҚК басқа мүшелерінің пікіріне құрметпен қарауға

және кәсіби қарым-қатынас этикасын сақтауға тиіс.

6. Машина жасау факультетінің сапасын қамтамасыз ету комитеті туралы Ережені бұзғаны үшін жауапкершілік шаралары

6.1 МФ СҚК мүшелеріне қатысты ереже бұзылған жағдайда мынадай шаралар қабылданады:

- Ескерту;
- Ескертпе;
- Сөгіс;
- Қатаң сөгіс;
- Комитеттен шығару.